

**Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарына 1984-1993 жылдарда туылған азаматтарды 2011 жылдың сәуір-маусым, қазан-желтоқсан айларында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы**

*Күшін жойған*

Алматы облысы Райымбек ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 31 наурыздағы N 80 қаулысы. Алматы облысы Райымбек ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 18 сәуірде N 2-15-104 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Райымбек ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 14 қазандағы N 192 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Райымбек ауданы әкімдігінің 14.10.2013 N 192 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару туралы» Заңының 31-бабының 1-тармағының 8-тармақшасына, Қазақстан Республикасының «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Заңының 19-бабының 3-тармағына, 20-бабының 1-тармағына, 23-бабының 1-тармағына сәйкес және Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылдың 03 наурыздағы № 1163 «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Жарлығына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылдың 03 наурыздағы «Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылдың 03 наурыздағы № 1163 Жарлығын іске асыру туралы» № 250 Қаулысы негізінде аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Селолық, поселкелік округ әкімдеріне Кеген ауылы, Б.Момышұлы көшесі № 2 мекен-жайындағы шақыру учаскесіне «Алматы облысы Райымбек аудандық қорғаныс істер жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесі арқылы әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе босатуға құқығы жоқ он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтарды, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша белгіленген әскери қызмет мерзімдерін өткермеген азаматтар 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізуді ұйымдастырсын және қамтамасыз етсін.

2. Азаматтарды әскери қызметке шақыруды жүргізу үшін әскерге шақыруды өткізу кезеңіне аудандық шақыру комиссиясы 1-қосымшаға сәйкес құрылсын.

3. Азаматтарды әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі 2-қосымшаға

4. Селолық, поселкелік округ әкімдері 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында өтетін шақыру мерзімінде әскер қатарына шақырылғандарды, оларды шақыру учаскесіне шақырылғандығы туралы хабардар етіп және олардың дер кезінде келуін ұйымдастырсын.

5. «Райымбек аудандық ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы Ерлан Кеңесбекұлы Инкербаев (келісім бойынша) әскери міндеттерін орындаудан жалтарған адамдарды іздестіруді және ұстауды өз құзіреті шегінде ұйымдастырып жүргізсін, ішкі істер органдары әскери қызметке шақырудан жалтарған адамдарды жеткізуді, сондай-ақ әскерге шақырылушылардың әскери бөлімдерге жөнелтілуі кезінде қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз етсін.

6. Райымбек ауданы әкімдігінің 2010 жылдың 16 сәуірдегі «Қазақстан Республикасының азаматтарын 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақырылуын жүргізуді ұйымдастырып, қамтамасыз ету туралы» № 158 (Райымбек ауданының Әділет басқармасында 2010 жылыдың 21 мамырдағы № 2-15-89 нөмірімен нормативтік құқықтық актісі Реестірінде мемлекеттік тіркеудің тізілімінде тіркелген, 2010 жылы 29 мамырда «Хантәңірі» газетінің № 22 санында жарияланған) қаулысының орындалуына байланысты күші жойылды деп танылсын.

7. Осы Қаулының орындалуын бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Қуанышев Ерлік Қуанышұлына жүктелсін.

8. Осы қаулы алғаш ресми жариялғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*А.Айтжанов*

А у д а н д ы қ

ә к і м д і к т і н

3 1

н а у р ы з

2 0 1 1

ж .

№ 80 Қаулысының 1 қосымшасы

Қазақстан Республикасының 8 шілде 2005 жылғы «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Заңына байланысты, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарына 1984-1993 жылдарда туылған азаматтарды 2011 жылдың сәуір-маусым, қазан-желтоқсан айларында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыруды жүзеге асыру мақсатында құрылған комиссия құрамы:

Әбілғазиев Нұрдаулет -аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы, комиссия төрағасы;

Нарынбаев Ербосын -аудан әкімі аппараты жалпы бөлімінің төтенше жағдайлар және әскери жұмылдыру жөніндегі бас маманы, комиссия

төрағасының орынбасары;



24	Барлығы										
----	---------	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

**кестенің жалғасы**

р/н	Селолық о/г	18.04	19.04	20.04	20.04	21.04	22.04	25.04	26.04	27.04	28.04
1	Алгабас					12					
2	Болексаз								20		
3	Жылысай		30								
4	Жаланаһ				20			20			
5	Жамбыл									21	
6	Кеген	25				25					
7	Қақпақ						12				
8	Қайнар			20							
9	Қарасаз				25						20
10	Қарабулақ							20			
11	Қарқара	25									
12	Нарынқол		20	25			40				
13	Сарыжаз								30	30	
14	Сумбе										20
15	Саты		10		10	20					
16	Текес							10			10
17	Тегістік										
18	Тасашы										
19	Ұзақ										
20	Ұзынбулақ										
21	Шырғанақ										
22	Шалкөде										
23	Тұйық										
24	Барлығы										

*Райымбек аудандық Қорғаныс*  
*істері жөніндегі бөлімінің*  
*бастығы подполковник Н. Әбілғазиев*